



Мемлекеттік қызмет туралы

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 453 Заңы

МАЗМҰНЫ

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) «А» корпусы – Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын кадр резервіне іріктеудің және конкурстық іріктеудің ерекше тәртібі, сондай-ақ арнайы біліктілік талаптары көзделген басқарушылық деңгейдегі мемлекеттік әкімшілік лауазымдар;
- 2) ауысу – мемлекеттік қызметшіні атқарып жүрген қызметінен бір мезгілде босата отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны бос не уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға тағайындау рәсімі;
- 3) «Б» корпусы – «А» корпусына енгізілмеген мемлекеттік әкімшілік лауазымдар;
- 4) біліктілік талаптары – мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткер азаматтарға олардың кәсіптік даярлық деңгейін, біліктілігін және нақты мемлекеттік әкімшілік лауазымға сай келуін айқындау мақсатында қойылатын талаптар;
- 5) лауазымды адам – билік өкілінің функцияларын тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;
- 6) лауазымдық өкілеттіктер – мемлекеттік қызметшілер өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге сай келетін нақты мемлекеттік лауазыммен көзделген құқықтар мен міндеттер;
- 7) мансаптық жоспарлау – «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің лауазымдық ауыстырылуы және кәсіби дамуы кезеңдерін айқындауға бағдарланған процесс;
- 8) мемлекеттік әкімшілік қызметші – осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органда кәсіби қызметін тұрақты негізде жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші;
- 9) мемлекеттік әкімшілік лауазым санаты – тиісті біліктілік талаптары бар мемлекеттік әкімшілік лауазымдар жиынтығы;
- 10) мемлекеттік қызмет – мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді атқару жөніндегі мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы қызметі;
- 11) мемлекеттік қызметтің кадр резерві – бос мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткер Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қалыптастырылған жүйеленген тізімі;
- 12) мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы;
- 13) мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы – мемлекеттік қызметшілердің осы Заңда, мемлекеттік органдардың актілерінде белгіленген және жалпы жұрт таныған моральдық-этикалық нормаларға негізделген мінез-құлық қағидалары;

14) мемлекеттік лауазым – мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерде белгіленген лауазымдық өкілеттіктер және лауазымдық міндеттер аясы жүктелген құрылымдық бірлігі;

15) мемлекеттік саяси қызметші – тағайындалуы (сайлануы), босатылуы және қызметі саяси-айқындаушы сипатта болатын және саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін жауапты болатын мемлекеттік қызметші;

16) мүдделер қақтығысы – мемлекеттік қызметшінің жеке басының мүдделері өзінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше атқармауына әкеп соғуы мүмкін болатын кездегі мемлекеттік қызметшінің жеке басының мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық;

17) ротация – осы Заңға сәйкес мансаптық жоспарлау шеңберінде «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін олардың келісімімен лауазымдық ауыстырулар;

18) тағылымдама – мемлекеттік қызметшілердің, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадр резервіне алынған адамдардың мемлекеттік органдардың жолдамасы бойынша тұрақты жұмыс орнынан тыс жерде кәсіби білім алуы мен тәжірибе жинақтауы;

19) тәлімгер – мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданған адамға бекітілген, оның кәсіби даярлығына практикалық көмек көрсететін мемлекеттік қызметші;

20) уақытша бос мемлекеттік лауазым – аталған лауазымды атқаратын мемлекеттік қызметшінің әлеуметтік демалыста болуына, сондай-ақ ауыруы салдарынан, егер ауру Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі екі айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімін белгілеуі мүмкін ауру түрлерінің тізбесіне енген болса, оның жұмыс орнында болмауына байланысты уақытша бос мемлекеттік лауазым.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 14.12.2012 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-бап. Мемлекеттік қызмет туралы заңдар

Мемлекеттік қызмет туралы заңдар Конституциядан, осы Заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

3-бап. Мемлекеттік қызметтің принциптері

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет:

1) заңдылық;

2) қазақстандық патриотизм;

3) мемлекеттік өкіметтің заң шығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлінуіне қарамастан, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы;

4) азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдығы;

5) жалпы қол жетімділік, яғни Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуге және өз қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бойынша жоғарылатылуға тең құқығы;

6) азаматтардың мемлекеттік қызметке кіруінің еріктілігі;

7) мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі мен жоғары біліктілігі;

8) мәні бірдей жұмыстарды орындағаны үшін еңбекке ақыны тең төлеу;

9) жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз өкілеттігі шегінде қабылдаған шешімдерді орындаудың бағынысты мемлекеттік қызметшілер мен төменгі мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін міндеттілігі;

10) мемлекеттік қызметшілердің бақылауда болуы және есептілігі;

11) мемлекеттік құпиялар немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып есептелетін қызметті қоспағанда, қоғамдық пікір мен жариялылықты ескеру;

12) мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы;

13) мемлекеттік қызметшілерді қызметтік міндеттерін адал, ынталы атқарғаны, ерекше маңызды

және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін көтермелеу;

14) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны және өздерінің өкілеттігін асыра пайдаланғаны үшін жеке жауаптылығы;

15) мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды үздіксіз жүргізу принциптеріне негізделеді.

2. Мемлекеттік органдарда саяси партиялардың ұйымдарын құруға жол берілмейді. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдық міндеттерін атқарған кезде заңдардың талаптарын басшылыққа алады және саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктер мен олардың органдарының шешімдеріне байланысты болмайды.

4-бап. Осы Заңның қолданылуы

1. Осы Заң барлық мемлекеттік қызметшілерге қолданылады, бұған Қазақстан Республикасының Конституциясында, конституциялық заңдарында немесе өзге де заң актілерінде олар үшін өзгедей құқықтық мәртебе белгіленген жағдайлар қосылмайды.

2. Мыналар:

1) техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдар мемлекеттік қызметшілерге жатпайды. Мұндай адамдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері мен техникалық қызметшілері мемлекеттік қызметшілерге жатпайды.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері

1. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін, мемлекеттік қызмет саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, оған мыналар:

1) мемлекеттік қызметті жетілдіру және оның тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) мемлекеттік қызметті жүзеге асыру үшін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ өз құзыреті шегінде заңдарда белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілер қабылдау;

3) мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаттарына үлгілік біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;

4) мемлекеттік қызмет персоналы жөніндегі республикалық дерекқорды, оның ішінде автоматтандырылған бірыңғай дерекқорды (ақпараттық жүйені) қалыптастыруды қоса алғанда, мемлекеттік қызметтің кадр құрамы жай-күйінің және мемлекеттік лауазымдардың мониторингін жүргізу;

4-1) мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадр резервін қалыптастыру;

4-2) мемлекеттік қызметшілерді және мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға кандидаттарды тестілеу тәртібін, бағдарламаларын айқындау, сондай-ақ тестілеуді ұйымдастыру;

5) мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру, оларды әлеуметтік-құқықтық қорғау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

6) осы Заңға сәйкес мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімін, сондай-ақ актілерді әзірлеу және Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсыну;

7) мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілер даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, оның ішінде шетелдерде де, мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру;

8) мемлекеттік бағдарламалар бойынша мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру мен орналастыруды және мемлекеттік қызметшілерді даярлауды, қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды үйлестіру;

8-1) мемлекеттік әкімшілік қызметшілерден сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін берілген тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастауға келісім беру;

9) мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңдарды сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

9-1) мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

10) мемлекеттік әкімшілік лауазымды атқаруға арналған конкурстарды өткізу тәртібін белгілеу, сондай-ақ конкурстардың дұрыс өткізілуін бақылауды жүзеге асыру;

10-1) кандидаттың қойылатын біліктілік талаптарына сай келуі бөлігінде мемлекеттік әкімшілік лауазымға тағайындауға келісу;

10-2) мемлекеттік әкімшілік қызметшінің лауазымдық нұсқаулығын әзірлеу мен бекіту тәртібін айқындау;

10-3) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісе отырып, мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) туралы үлгілік ережені бекіту;

11) мемлекеттік органдардың осы Заңды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұза отырып қабылдаған шешімдерінің күшін жою туралы ұсыныстар енгізу;

12) мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызмет туралы заңдардың қолданылу мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың іс-әрекеті мен шешіміне жасалған шағымдарын қарау;

13) осы Заң бұзылған жағдайда сотқа жүгіну;

14) мемлекеттік қызмет мәселелері жөніндегі халықаралық шарттардың жобаларын дайындауға қатысу;

14-1) мемлекеттік органдар көрсететін қызметтердің сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

15) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру жүктеледі.

2. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі органдардың бірыңғай жүйесін уәкілетті орган мен оған бағынысты аумақтық бөлімшелер құрады.

Аумақтық бөлімшелер өз қызметін уәкілетті орган белгілеген құзырет шегінде жүзеге асырады.

2-1. Уәкілетті органның облыстарда, республикалық маңызы бар қалада, астанада тәртіптік кеңестері болады, олар туралы ережені уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. P990218

3. Уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің шешімдері бұйрықтар нысанында ресімделеді.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.03.11 N 393, 2005.07.08. N 75 (2-1-тармақтың күші 2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі; қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 2011.07.05 N 452-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін); 14.12.2012 N 59-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі)

1. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) өз құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасын орындауы жөніндегі қызметін үйлестіреді;

2) тәртіптік, аттестаттау, конкурстық және кадр мәселелері жөніндегі өзге де комиссиялардың қызметін ұйымдастырады;

3) аттестаттауды және конкурстық іріктеуді жүргізу, мемлекеттік қызметшілерді қызмет бойынша жоғарылату, мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауаптылыққа тарту, мемлекеттік қызметшілерді қызметінен босату рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

4) кадрларды іріктеуді ұйымдастырады, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметті

өткеруіне байланысты құжаттарды ресімдейді;

5) мемлекеттік қызметте болуына байланысты шектеулердің сақталуын қамтамасыз етеді;

6) мемлекеттік қызметшілердің тағылымдамасын, тәлімгерлігін, қызметін бағалауды, оқуын, қайта даярлығын (қайта мамандануын) және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады, мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу түрлерін және оларды қолдану тәртібін әзірлейді;

7) мемлекеттік қызметшілердің дербес деректерін, бағалау, аттестаттау және оқудан өту нәтижелері туралы мәліметтерді есепке алуды жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) мемлекеттік органның басқа құрылымдық бөлімшелерінен ұйымдық жағынан дербес болады, жауапты хатшыға немесе аппарат басшысына, ал жауапты хатшы және аппарат басшысы лауазымы енгізілмеген мемлекеттік органдарда мемлекеттік органның басшысына тікелей бағынады.

3. Облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада, аудандарда, қалаларда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес персоналды басқарудың бірыңғай қызметін (кадр қызметін) құруға жол беріледі. Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандық, қалалық атқарушы органдардың персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) осы атқарушы органдардың басшыларын тағайындауға құқығы бар адамның шешімімен құрылады.

Орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының аудандық, қалалық аумақтық бөлімшелері үшін орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының өңіраралық немесе облыстық аумақтық бөлімшесінде персоналды басқарудың бірыңғай қызметін (кадр қызметін) құруға жол беріледі. Аудандық, қалалық аумақтық бөлімшелердің персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының өңіраралық немесе облыстық аумақтық бөлімшесі басшысының шешімімен немесе жоғары тұрған органның шешімімен құрылады.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 14.12.2012 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-тарау. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайы

РҚАО-ның ескертпесі!

7-бап жаңа редакцияда көзделген - ҚР 2012.12.14 N 59-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-бап. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарын сыныптау

1. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының құрамына мемлекеттік қызметшілердің саяси және әкімшілік лауазымдары кіреді.

2. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімін уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер үшін лауазымдар санаттары белгіленеді. Мемлекеттік саяси қызметшілер үшін лауазымдар санаттары белгіленбейді.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 14.12.2012 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8-бап. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары

Мемлекеттік қызметшінің:

1) Республиканың азаматтарына Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен

кепілдік берілетін құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға;

2) өз өкілеттігі шегінде мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға қатысуға, тиісті органдар мен лауазымды адамдардың оларды орындауын талап етуге;

3) белгіленген тәртіппен лауазымдық міндеттерді орындау үшін қажетті ақпарат пен материалдар алуға;

4) лауазымдық міндеттерді атқару үшін белгіленген тәртіппен меншік нысандарына қарамастан, ұйымдарда болуға;

5) басшыдан мемлекеттік қызметшінің атқаратын лауазымына сәйкес қызметтік өкілеттік міндеттері мен көлемін дәл белгілеуді талап етуге;

6) жеке басының қадір-қасиетінің құрметтелуіне, басшылар, өзге де лауазымды адамдар және азаматтар тарапынан өзіне әділ және құрметпен көзқарас жасалуына;

7) өзі атқаратын лауазымға жұмыс сапасына, тәжірибесіне және осы Заңда белгіленген өзге де негіздерге қарай ынталандырылуына және еңбегіне ақы төленуіне;

8) тиісті бюджет қаражаты есебінен қайта даярлануға (қайта мамандануға) және біліктілігін арттыруға;

8-1) мемлекеттік орган оны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқуға немесе тағылымдамаға жіберген жағдайда жұмыс орнының (лауазымының) сақталуына;

9) өзінің мемлекеттік қызмет өткеруіне қатысты материалдармен кедергісіз танысуға, қажет болған жағдайларда жеке түсініктеме беруге;

10) біліктілігі, қабілеті, сіңірген еңбегі және өзінің қызметтік міндеттерін адал орындауы ескеріле отырып, қызметі бойынша жоғарылауға;

11) қызметшінің пікірінше негізсіз айып тағылған жағдайда қызметтік тексеру жүргізілуін талап етуге;

11-1) өзіне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың анық жағдайлары туралы өзі жұмыс істейтін мемлекеттік орган басшылығының назарына немесе құқық қорғау органдарына жеткізген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық және өзге де қорғалуға;

12) еңбегінің қорғалуына, денсаулығының сақталуына, қауіпсіз және жоғары өнімді жұмыс істеуі үшін қажетті еңбек жағдайына;

13) әлеуметтік және құқықтық қорғалуға;

14) мемлекеттік қызметтен өз қалауы бойынша босауға;

15) зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандырылуға;

16) жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға мемлекеттік қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар. (РҚАО-ның ескертуі: қараңыз V001202)

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 14.12.2012 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-бап. Мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттері

1. Мемлекеттік қызметшілер:

1) Республиканың Конституциясы мен заңдарын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен тәртіппен мемлекеттік қызметшінің антын беруге;

3) азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, заңдарда белгіленген тәртіп пен мерзімде азаматтардың өтініштерін қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қолдануға;

4) өзіне берілген құқықтар шегінде және қызмет міндеттеріне сәйкес өкілеттігін жүзеге асыруға;

4-1) лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде бейтарап және саяси партиялардың, діни және өзге де қоғамдық бірлестіктердің қызметінен тәуелсіз болуға;

5) мемлекеттік тәртіп пен еңбек тәртібін сақтауға;

6) өзіне заңда белгіленген шектеулерді қабылдауға;

7) қызмет этикасы нормаларын сақтауға;

8) басшылардың бұйрықтары мен өкімдерін, жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдардың өз өкілеттігі шегінде шығарған шешімдері мен нұсқауларын орындауға;

9) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтауға, оның ішінде мемлекеттік қызметті тоқтатқаннан кейін де, заңмен белгіленген белгілі бір уақыт ішінде, ол жөнінде қолхат бере отырып сақтауға;

10) қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған, азаматтардың жеке өмірін, ар-намысын және қадір-қасиетін қозғайтын мәліметтерді құпия сақтауға және олардан, заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, мұндай ақпарат беруді талап етпеуге;

11) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге, өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті тек қызметтік мақсатта пайдалануға;

12) алып тасталды - ҚР 2010.12.29 N 371-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-1) өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы өздері жұмыс істейтін мемлекеттік орган басшылығының назарына немесе құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға;

13) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға;

14) оқуды аяқтағаннан кейін өздерін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқуға жіберген мемлекеттік органда, сондай-ақ мемлекеттік қызметте тікелей жұмысты өтеуге міндетті. Оқу және жұмысты өтеу мерзімдері уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережеде айқындалады.

2. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің осы Заңда белгіленген негізгі міндеттерінен туындайтын нақты міндеттері біліктілік талаптар негізінде айқындалады және қызметтік нұсқаулықтарда көрсетіледі.

Лауазымдық нұсқаулықтарды мемлекеттік органның басшысы немесе ол уәкілеттік берген лауазымды адам, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда өзге де адамдар бекітеді.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2010.12.29 N 371-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2011.07.05 N 452-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін); 14.12.2012 N 59-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулер

1. Мемлекеттік қызметшінің:

1) өкілді органдардың депутаты болуға;

2) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, басқа да ақылы қызметпен айналысуға;

3) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, соның ішінде, егер коммерциялық ұйымды басқаруға тікелей қатысу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оның қызметтік міндетіне кірмейтін болса, егер "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңында өзгеше белгіленбесе, ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, коммерциялық ұйымды басқаруға қатысуға;

4) үшінші тұлғалардың істері бойынша өзі қызмет істейтін не өзіне тікелей бағынысты немесе өзінің бақылауындағы мемлекеттік органда өкіл болуға;

5) өзінің қызметтік іс-әрекетін материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа да мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсатта пайдалануға;

6) ереуілдерді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және қызметтік міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге қатысуға;

7) лауазымдық өкілеттігін орындауға байланысты азаматтар мен заңды тұлғалар көрсететін

қызметті жеке мақсатына пайдалануға құқығы жоқ.

2. Мемлекеттік қызметші қызметке кіріскеннен кейін бір ай ішінде, осы адамға заңды түрде тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы, өзінің меншігіндегі үлестерді, акцияларды (акцияны) және пайдаланылуы табыс алуға әкелетін өзге де мүлікті мемлекеттік қызметті өткеру уақытына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сенімгерлік басқаруға беруге міндетті. Мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған шартты нотариат куәландыруға тиіс. Мемлекеттік қызметші мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған шарттың нотариат куәландырған көшірмесін нотариат куәландырған күннен бастап он күн мерзімде жұмыс орны бойынша персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) ұсынады. Мемлекеттік қызметшілердің мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерін, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы мен мүшелерін қоспағанда, мемлекеттік қызметшілердің өздеріне тиесілі облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын сенімді басқаруға бермеуіне болады.

Мемлекеттік қызметшінің сенімгерлік басқаруға берілген мүліктен кіріс алуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерін, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы мен мүшелерін қоспағанда, мемлекеттік қызметшілер тұрғын үйлерін мүліктік жалдауға беруге құқылы.

2-1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы мен оның орынбасарлары аталған лауазымдарға тағайындалған күндерінен бастап бір ай мерзімде өздеріне тиесілі инвестициялық қорлардың пайларын, облигацияларды және коммерциялық ұйымдардың акцияларын сенімгерлік басқаруға беруге және оларды сенімгерлік басқаруға арналған, нотариат куәландырған шарттың көшірмесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кадр қызметіне ұсынуға міндетті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы мен оның орынбасарлары инвестициялық қорлардың пайларын, облигацияларды, коммерциялық ұйымдардың акцияларын сатып алуға құқылы емес.

3. Заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қызметшіге өзінің жақын туыстары ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе ері (зайыбы) атқаратын қызметке тікелей бағынысты лауазым атқаруына болмайды.

3-1. Мемлекеттік қызметшілердің жақын туыстары мен жекжаттарына (жұбайлардың аға-інілеріне, апа-сіңлілеріне, ата-аналары мен балаларына) қатысты лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыруына Қазақстан Республикасының заң актілерімен шектеулер көзделуі мүмкін.

4. Мемлекеттік қызметке:

1) белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған;

2) сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдар атқару құқығынан айырған;

3) біліктілік талаптарында тиісті қызметтерді атқару үшін денсаулық жағдайына арнаулы талаптар белгіленген реттерде медициналық мекеменің қорытындысына сәйкес лауазымдық өкілеттікті орындауға кедергі келтіретін науқасы бар;

4) өзінің мәртебесін және соған негізделген беделін жеке басылық, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерге пайдалануға алып келуі ықтимал әрекеттерге жол бермеу мақсатында өзіне заңмен белгіленген шектеулерді қабылдаудан бас тартқан;

5) мемлекеттік қызметке кірер алдында үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған адамды қабылдауға болмайды. Бұл ретте, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жұмыстан босатылған адам мемлекеттік қызметке жіберілмейді;

6) алып тасталды - ҚР 14.12.2012 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6-1) мемлекеттік қызметке кіргенге дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

6-2) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;

6-3) алып тасталды - ҚР 14.12.2012 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) мемлекеттік қызметке кіру уақытына өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы бар;

7-1) ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бұрын сотталған немесе қылмыстық жауаптылықтан ақталмайтын негіздер бойынша босатылған;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау нысанасына арнайы тексеруден өтпеген;

9) ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамында қылмыс жасаған;

ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамындағы қылмыс туралы оған қатысты қылмыстық істі қылмыстық қудалау органы немесе сот тоқтатқан не Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шектегі мерзімі өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан қылмыстық қудалау органы бас тартқан адамды қабылдауға болмайды.

5. Алып тасталды - ҚР 2010.12.29 N 371-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.09.25 N 484, 2005.07.08 N 75 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.21 N 308, 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2009.12.08 N 226-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.12.29 N 371-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.12.2012 N 59-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызметке кіру

11-бап. Мемлекеттік саяси қызметке кіру

Мемлекеттік саяси қызметшілердің мемлекеттік қызметке кіруі тағайындау не сайлау негізінде , сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген басқа да реттерде, тәртіп пен жағдайларда жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.03.11 N 393 Заңымен.

12-бап. Мемлекеттік әкімшілік қызметке кіру

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға құқығы бар.

Осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2. «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервіне іріктеу Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен жүргізіледі.

«А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервіне алынған азаматтардың «А» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға арналған конкурстық іріктеуге қатысуға құқығы бар.

3. Өз өкілеттіктерін теріс себептермен тоқтатқандарды қоспағанда, өз өкілеттіктерін кемінде алты ай орындаған және қойылатын біліктілік талаптарына сай келетін, өз өкілеттіктерін тоқтатқан Парламент депутаттарының, тұрақты негізде жұмыс істейтін мәслихат депутаттарының, мемлекеттік саяси қызметшілердің, судьялардың «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына конкурстық іріктеуден тыс орналасуға құқығы бар.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған адамдар «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен кадр резервіне іріктеуден және конкурстық іріктеуден өтпестен орналаса алады.

4. Мемлекеттік қызметке кіру кезінде тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушілік белгілеуге жол берілмейді.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 14.12.2012 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13-бап. Мемлекеттік қызметке кіру кезінде қойылатын талаптар

1. Мемлекеттік қызметке кіретін адамдар мынадай талаптарға сай болуға:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматы болуға;
- 2) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында тиісті лауазымдарға қатысты өзгеше белгіленбесе, жасы он сегіз жастан кем болмауға тиіс.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткер адамдар мынадай талаптарға сай болуға:

1) қажетті білімі, кәсіби даярлық деңгейі болуға және белгіленген біліктілік талаптарына сай келуге;

2) Қазақстан Республикасының заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толмаған болуға тиіс.

2. Азамат мемлекеттік қызметке кіру кезінде салық қызметі органдарына табыстары және өзіне меншік құқығымен тиесілі, салық салу объектілері болып табылатын мүлкі туралы декларацияны табыс етуге міндетті.

3. Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу арнайы тексерудің оң нәтижелері алынғаннан кейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік орган арнайы тексерудің нәтижелерін алған күнге дейін азаматтарды мемлекеттік әкімшілік лауазым көздейтін міндеттерді уақытша атқару үшін жұмысқа қабылдайды. Олармен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі. Еңбек шарттары арнайы тексеруді жүргізу мерзіміне жасалады.

Арнайы тексеру жүргізу кезеңінде бұл адамдарға осы Заңның мемлекеттік қызметшілердің міндеттері мен жауапкершілігі, мемлекеттік қызметте болуына байланысты шектеулер бөлігіндегі ережелері қолданылады. Бұл адамдардың құқықтары еңбек шартында айқындалады.

4. Мемлекеттік саяси қызметке кіру үшін қойылатын қосымша талаптарды Қазақстан Республикасының Президенті айқындауы мүмкін.

5. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері қызметінің негізгі бағыттары, мемлекеттік әкімшілік қызметшілер жүзеге асыратын лауазымдық өкілеттіктер ескеріле отырып, мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаттарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптары негізінде әзірленеді және оларды уәкілетті органның келісімімен мемлекеттік органдар бекітеді.

«А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын арнайы біліктілік талаптарын Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 14.12.2012 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14-бап. Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға арналған конкурс

1. Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға арналған конкурс Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу құқығын қамтамасыз етеді.

«Б» корпусының бос және уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурсты мемлекеттік орган өткізеді.

Тестілеуден өту кезінде уәкілетті орган белгілейтін шекті мәндерден төмен емес баға алған азаматтардың конкурсқа қатысуға құқығы бар.

2. Конкурс орталық мемлекеттік органдарда, ведомстволарда және олардың аумақтық бөлімшелерінде өткізілген кезде хабарландырулар орталық мемлекеттік органдардың және уәкілетті органның интернет-ресурстарында, сондай-ақ уәкілетті орган айқындаған мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланады.

Конкурсты жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарда өткізу туралы хабарландырулар жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың және уәкілетті органның интернет-ресурстарында, сондай-ақ уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері айқындаған мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланады.

Персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) құрылған жағдайда, хабарландырулар ол құрылымына кіретін мемлекеттік органның интернет-ресурсында жарияланады.

3. Егер конкурс «Б» корпусының уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына өткізілсе, онда осы шарт конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілуге тиіс.

4. Конкурсты өткізу және конкурстық комиссияны құру тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

5. Облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада, аудандарда, қалаларда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдар үшін бірыңғай конкурстық комиссия құруға жол беріледі. Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандық, қалалық атқарушы органдардың бірыңғай конкурстық комиссиясы осы атқарушы органдардың басшыларын тағайындауға құқығы бар адамның шешімімен құрылады.

Орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының аудандық, қалалық аумақтық бөлімшелері үшін орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының өңіраралық немесе облыстық аумақтық бөлімшесінде бірыңғай конкурстық комиссия құруға жол беріледі. Аудандық, қалалық аумақтық бөлімшелердің бірыңғай конкурстық комиссиясы орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының өңіраралық немесе облыстық аумақтық бөлімшесі басшысының шешімімен немесе жоғары тұрған органның шешімімен құрылады.

6. Конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушының «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға құқығы бар.

7. Тағайындауға құқығы бар адам конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушыны «Б» корпусының жарияланған мемлекеттік әкімшілік лауазымына қабылдауға міндетті. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасында мемлекеттік қызметке кіру үшін көзделген талаптар сақталуға тиіс.

8. Конкурстық комиссияның оң қорытындысын алмаған, бірақ ол мемлекеттік қызметке ұсынған конкурсқа қатысушы «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервіне алынуға құқылы.

Мемлекеттік органның конкурстық комиссиясының ұсынымы бойынша «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервіне алынған конкурсқа қатысушы өзі алынған күннен бастап бір жыл ішінде, біліктілік талаптарына сай келген жағдайда, сол мемлекеттік органда «Б» корпусының тиісті мемлекеттік әкімшілік лауазымына қосымша конкурстан өтпестен орналасуға құқылы.

9. Конкурстық комиссияның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

10. «А» корпусының бос және уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізудің ерекше тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 14.12.2012 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4-тарау. Мемлекеттік қызмет өткеру және қызметтік мансап

15-бап. Мемлекеттік әкімшілік лауазымға кіру кезіндегі сынақ

1. Мемлекеттік әкімшілік қызметке алғаш рет немесе қызметін тоқтатқаннан кейін жаңадан қабылданған, сондай-ақ жоғары дәрежелі санаттағы мемлекеттік әкімшілік лауазымға қабылданған азамат үшін үш айға дейінгі мерзімге сынақ белгіленуі мүмкін.

2. Мемлекеттік әкімшілік қызметші дәлелді себептермен қызметте болмаған кезең сынақ мерзіміне есептелмейді.

3. Мемлекеттік әкімшілік қызметші сынақ нәтижесі қанағаттанғысыз болған жағдайда уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісе отырып, сынақ, мерзімінен өтпеген адам ретінде жұмыстан шығарылуы мүмкін.

4. Егер сынақ мерзімі өтіп, мемлекеттік әкімшілік қызметші мемлекеттік қызметті жалғастыра берсе, ол сынақтан өткен болып саналады және сынақ мерзімі мемлекеттік қызмет стажына есептеледі. Одан кейінгі жұмыстан босатуға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша ғана жол беріледі.

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.03.11 N 393, 2005.07.08 N 75 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

15-1-бап. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына ауысу тәртібімен орналасу

1. Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына өзі келісім берген, қойылатын біліктілік талаптарына сай келген жағдайда және оның соңғы лауазымындағы қызметінің нәтижелері ескеріле отырып, ауысу тәртібімен орналасуға құқығы бар.

Ауысудың жүргізілу тәртібі уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережеде реттеледі.

Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережеде көзделген жағдайларда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына ауысу тәртібімен орналасу уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің келісімімен жүзеге асырылады.

2. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына ауысу тәртібімен орналасу аумақтық бөлімшелерін қоса алғанда, мемлекеттік органның, оның ведомствосының ішінде, сондай-ақ олардың арасында жүзеге асырылады.

3. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына басқа мемлекеттік органдардан, олардың ведомстволарынан және олардың аумақтық бөлімшелерінен ауысу тәртібімен орналасу Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережеде айқындалатын жағдайларда жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызметшіге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап бір жыл ішінде немесе оның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына ауысу тәртібімен орналасуға жол берілмейді.

Ескерту. 4-тарау 15-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.12.14 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16-бап. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалау және оларды аттестаттау

1. Мемлекеттік органдар мемлекеттік әкімшілік қызметшілер жұмысының тиімділігін және сапасын айқындау үшін олардың қызметін жыл сайынғы бағалауды жүргізеді.

2. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін жыл сайынғы бағалау нәтижелері сыйлықақы беру, көтермелеу, оқыту, мансаптық жоспарлау, ротация жөнінде шешімдер қабылдауға негіз болып табылады.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін үш жыл бойы бағалау нәтижелері оларды

аттестаттаудан өткізу жөнінде шешімдер қабылдауға негіз болып табылады.

3. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің кәсіби даярлық деңгейін және олардың лауазымдық міндеттерді орындау қабілетін айқындау жөніндегі рәсім аттестаттау болып табылады.

Аттестаттау тестілеуді және әңгімелесуді қамтиды. Кемінде он бес жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері тестілеуге жатпайды.

4. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалау және оларды аттестаттау тәртібін уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері аттестаттауға дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда тәртіптік жауаптылыққа тартылады.

Аттестаттауда теріс нәтижелер алған «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері қызметінен төмендетілуге не босатылуға жатады.

Қызметінен төмендету «Б» корпусының төмен тұрған бос мемлекеттік әкімшілік лауазымы болған, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісі осы лауазымға қойылған біліктілік талаптарына сай келген кезде жүзеге асырылады.

Қайта аттестатталуға жататын «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері қайта аттестаттау аяқталғанға дейін ауысу тәртібімен тең дәрежелі не жоғары тұрған лауазымдарға тағайындала алмайды.

5. Облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада, аудандарда, қалаларда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдар үшін бірыңғай аттестаттау комиссиясын құруға жол беріледі. Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандық, қалалық атқарушы органдардың бірыңғай аттестаттау комиссиясы осы атқарушы органдардың басшыларын тағайындауға құқығы бар адамның шешімімен құрылады.

Орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының аудандық, қалалық аумақтық бөлімшелері үшін орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының өңіраралық немесе облыстық аумақтық бөлімшесінде бірыңғай аттестаттау комиссиясын құруға жол беріледі. Аудандық, қалалық аумақтық бөлімшелердің бірыңғай аттестаттау комиссиясы орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының өңіраралық немесе облыстық аумақтық бөлімшесі басшысының шешімімен немесе жоғары тұрған органның шешімімен құрылады.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.12.14 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17-бап. Жұмыс уақыты

1. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жұмыс уақытының ұзақтығы осы Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының еңбек заңдарына сәйкес белгіленеді.

2. Тұтас алғанда мемлекеттік органның немесе оның жекелеген бөлімшелерінің қалыпты (үздіксіз) жұмысы әрі қарай жедел атқарылуына байланысты болатын шұғыл және күні бұрын болжанбаған жұмысты орындау үшін орган басшысының не жауапты хатшының немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамның жазбаша өкімі бойынша жұмысы Республиканың еңбек заңдарына сәйкес өтелетін, демалыс және мереке күндері қызметке келуге міндетті жекелеген мемлекеттік әкімшілік қызметшілер тартылуы мүмкін.

Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.29 N 371-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18-бап. Іссапарлар кезіндегі кепілдіктер мен өтемақылар

1. Мемлекеттік қызметшілерге Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен қызметтік, оның ішінде шет мемлекеттерге, іссапарларға арналған шығындары өтеледі.

Мемлекеттік қызметшілерге Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген іссапарда болған

уақытына тәулікақы алуға, көздеген жеріне барып-қайту жөніндегі шығындарға, тұрғын үй-жай жалдау жөніндегі шығындарға кепілдіктер мен құқығы тиесілі болады.

2. Іссапарға жіберілген мемлекеттік қызметшілердің іссапардың бүкіл уақыты бойы жұмыс орны (қызметі) мен орташа жалақысы сақталады.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.03.11 N 393 Заңымен.

18-1-бап. Ротация

Мемлекеттік қызметте «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін ротациялау мансаптық жоспарлау шеңберінде олардың келісімімен жүзеге асырылады.

Ротация жүргізудің тәртібін уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

Ескерту. 18-1-баппен толықтырылды - ҚР 2005.07.08 N 75 Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР 2012.12.14 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18-2-бап. Мүдделер қақтығысы

1. Егер мүдделер қақтығысы бар болса, мемлекеттік қызметшінің лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыруына тыйым салынады.

2. Мемлекеттік қызметші мүдделер қақтығысын болғызбау және оны реттеу бойынша шаралар қабылдауға тиіс.

3. Туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы өзіне белгілі болған сәтте мемлекеттік қызметші өзінің тікелей басшысына немесе мемлекеттік органның басшылығына бұл туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Тікелей басшысы немесе мемлекеттік органның басшылығы мемлекеттік қызметшінің өтініші бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде, мүдделер қақтығысын болғызбау және оны реттеу бойынша уақтылы шаралар қабылдауға, оның ішінде:

1) оған байланысты мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша мемлекеттік қызметшінің лауазымдық міндеттерін атқаруды басқа адамға тапсыруға;

2) мемлекеттік қызметшінің лауазымдық міндеттерін өзгертуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметшінің келісімі бойынша оны басқа лауазымға ауыстыруға тиіс.

4. Мемлекеттік қызметші, оның тікелей басшысы және мемлекеттік органның басшылығы өздеріне белгілі болған мүдделер қақтығысы жағдайларын болғызбау және оны реттеу бойынша шаралар қабылдамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Ескерту. Заң 18-2-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 N 371-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-бап. Мемлекеттік қызметті өткерудің өзге де мәселелері

1. Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға алғаш рет қабылданған адамдарға уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен тәлімгерлер бекітіледі.

2. Мемлекеттік қызметшілердің және мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадр резервіне алынған адамдардың тағылымдамадан өтуі уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызметті өткерудің осы Заңда реттелмеген өзге де мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережеде регламенттеледі.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.12.14 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20-бап. Мемлекеттік қызметтің кадр резерві

Ескерту. 20-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 14.12.2012 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Мемлекеттік саяси және әкімшілік лауазымдарға орналасу үшін мемлекеттік қызметтің кадрлар резерві қалыптастырылады.

2. Кадр резервін қалыптастыру тәртібі және онымен жұмысты ұйымдастыру уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Мемлекеттік қызметтің кадрлар резерві туралы ережемен реттеледі.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 2005.07.08 N 75 Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР 14.12.2012 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4-1-тарау. Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы

Ескерту. Заң 4-1-тараумен толықтырылды - ҚР 14.12.2012 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20-1-бап. Мемлекеттік қызметшілерге қызмет этикасын сақтау жөнінде қойылатын талаптар

1. Мемлекеттік қызметшілер:

1) мемлекеттік қызметке, мемлекетке және оның институттарына қоғамның сенімін сақтауға және нығайтуға;

2) жалпы жұрт таныған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға;

3) азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық және әдептілік танытуға;

4) мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін, мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс істеуіне кедергі жасайтын іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қараудың үлгісі болуға;

6) заңдарда белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға;

7) мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында лауазымдық міндеттерін адал және кәсіби деңгейде атқаруға;

8) лауазымдық міндеттерін атқару кезінде жеке және заңды тұлғаларға ерекше ықылас көрсетпеуге, олардың ықпалынан тәуелсіз болуға;

9) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

10) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеуге;

11) қарамағындағы мемлекеттік қызметшілерден олардың қызметтік міндеттерінің шеңберінен тыс тапсырмалар орындауды талап етпеуге;

12) басқа адамдарды құқыққа қайшы теріс қылықтар немесе жалпы жұрт таныған моральдық-этикалық нормалармен сыйыспайтын іс-әрекеттер жасауға мәжбүрlemeуге;

13) басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызмет этикасы нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және олардың жолын кесуге міндетті.

2. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде ресми мінез-құлық

нормаларын сақтауға тиіс.

3. Мемлекеттік қызметшілер қызметтік жағдайын және онымен байланысты мүмкіндіктерді коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың мүддесіне орай, оның ішінде оларға өзінің көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбауға тиіс.

20-2-бап. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттері

1. Мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға не сыбайлас жемқорлықпен ұштасатын немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдайлар туғызатын әрекеттерге жол бермеуге тиіс.

2. Мемлекеттік қызметшілер басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан болатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесуге тиіс.

3. Мемлекеттік қызметші, егер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы анық ақпараты болса, мұндай құқық бұзушылықты болғызбау және тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолдануға, оның ішінде жоғары тұрған басшыға, өзі жұмыс істейтін мемлекеттік органның басшылығына, уәкілетті мемлекеттік органдарға жазбаша нысанда дереу хабарлауға тиіс. Мемлекеттік қызметші өзін басқа адамдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайлары туралы да аталған адамдар мен органдарға жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндетті.

Мемлекеттік органның басшылығы ақпаратты алған күннен бастап бір ай мерзімде мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, өзін осы бұзушылықтарды жасауға көндіру жағдайлары туралы мәлімдеулері бойынша шаралар қолдануға, оның ішінде тексерулер ұйымдастыру және уәкілетті органдарға өтініштер жолдау арқылы шаралар қолдануға міндетті.

4. Мемлекеттік органның басшылығы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың, өзін осы бұзушылықтарды жасауға көндірудің анық жағдайлары туралы хабарлаған мемлекеттік қызметшіні оның құқықтарын, заңды мүдделерін кемсітетін қудалаудан қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

5. Мемлекеттік қызметшілер жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге тиіс.

6. Мемлекеттік қызметшіге сыбайлас жемқорлық жасаған деп көпшілік алдында негізсіз айып тағылған жағдайда, ол осындай айыптауды анықтаған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөнінде шаралар қолдануға тиіс.

20-3-бап. Көпшілік алдында сөйлеу

1. Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметшілер пікірталастарды әдепті түрде жүргізуге тиіс.

2. Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік саясатты жүргізуге және мемлекеттік органның қызметіне қатысы жоқ мәселелер бойынша мемлекеттік органның атынан жарияланымдарына жол берілмейді.

Педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызмет жөнінде материалдар жариялауды мемлекеттік қызметші жеке тұлға ретінде өз атынан жүзеге асырады.

5-тарау. Мемлекеттік қызметшілерді қамсыздандыру

21-бап. Мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу

1. Мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне төленетін ақы қызметтік міндеттерін сөзсіз және тиянақты атқаруы үшін жеткілікті материалдық жағдайды қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдарды білікті және тәжірибелі кадрлармен жасақтауға жәрдемдесуге, олардың адал да бастамашыл еңбегін

ынталандыруға тиіс.

2. Мемлекеттік саяси қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Еңбекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жалақысы республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен төленеді.

4. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жалақысы мен оларға төленетін басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен индекстелуге тиіс.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.03.11 N 393, 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-бап. Мемлекеттік қызметшілердің демалысы

1. Мемлекеттік қызметшілерге сауықтыру үшін екі лауазымдық айлықақысы мөлшерінде жәрдемақы төленіп, ұзақтығы отыз күнтізбелік күнге ақы төленетін жыл сайынғы демалыс беріледі.

2. Мемлекеттік қызметшілердің қалауы бойынша жыл сайынғы ақы төленетін демалыс оларға бөліп-бөліп берілуі мүмкін.

3. Мемлекеттік қызметшіге жалақысы сақталмайтын демалыс берілуі мүмкін.

4. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік орган басшысының не жауапты хатшының немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамның шешімі бойынша жыл сайынғы немесе қосымша демалыстан шақыртылып алынуы мүмкін. Пайдаланылмаған демалыстың қалған бөлігі мемлекеттік қызметшіге тиісті жылдың басқа кез келген уақытында беріледі не келесі жылғы демалысына қосылады.

5. Мемлекеттік әкімшілік қызметші ауыстырылған жағдайда не мемлекеттік саяси қызметшінің басқа мемлекеттік лауазымға тағайындалуына байланысты, егер мемлекеттік қызметші бұрынғы жұмыс орнында демалысын пайдаланбаған болса, жаңа жұмыс орнындағы ақы төленетін жыл сайынғы демалысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін берілуі мүмкін.

Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.03.11 N 393, 2010.12.29 N 371-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

23-бап. Мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу

1. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ өз қызметінің бағалану нәтижелері бойынша:

1) біржолғы ақшалай сыйақы беру;

2) алғыс жариялау;

3) бағалы сыйлықпен марапаттау;

4) грамотамен марапаттау;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген көтермелеудің өзге де нысандарымен, оның ішінде ведомстволық наградалармен және омырауға тағатын ерекшелік белгілерімен марапаттау арқылы көтермеленуі мүмкін.

2. Мемлекеттік қызметшілер ерекше еңбек сіңіргені үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталады.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 14.12.2012 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

24-бап. Мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қорғау шаралары

1. Мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

2. Тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж мемлекеттік қызметшілерге жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесі тегін беріледі. Жер учаскесін беру шарттарын Республика Үкіметі белгілейді.

3. Мемлекеттік қызметшілер және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық қызмет көрсетуді пайдаланады.

4. Мемлекеттік орган таратылған (жойылған) жағдайда, мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі болған кезде төрт орташа айлық жалақысы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді.

Мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылған жағдайда жаңадан құрылған мемлекеттік органның басшылығы қайта ұйымдастырылған мемлекеттік органның мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне олардың біліктілігіне сәйкес жұмыс ұсынады.

Басқа мемлекеттік органның функциялары, өкілеттіктері және штат бірліктері берілген мемлекеттік орган берілген функцияларды, өкілеттіктерді орындаған және осы штат бірліктерінде қызмет атқарған мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге олардың біліктілігіне сәйкес жұмыс ұсынады.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер жұмысқа орналасудан бас тартқан жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыстан босатылады. Бұл ретте, кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге төрт орташа айлық жалақысы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді.

Мемлекеттік органның штат саны қысқарған жағдайда мемлекеттік қызметшіге кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі болған кезде төрт орташа айлық жалақысы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді.

5. Мемлекеттік қызметші қайтыс болған жағдайда оның отбасы мүшелеріне мемлекеттік органдағы соңғы қызмет орны бойынша үш орташа жалақысы мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді, бұл орайда жәрдемақының мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленгеннен төмен болмауы керек.

Ескерту. 24-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.03.11 N 393; 14.12.2012 N 59-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

25-бап. Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру

Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

6-тарау. Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметті тоқтатуы

26-бап. Мемлекеттік саяси қызметшілердің отставкаға шығуы және қызметтен босатылуы

1. Отставка дегеніміз мемлекеттік саяси қызметшінің тиісті мемлекеттік лауазымдағы міндеттерін атқаруды тоқтатуы, ол оның жазбаша арызы негізінде жүзеге асырылады.

2. Отставканы мемлекеттік саяси қызметшіні осы лауазымға тағайындаған (сайлаған) мемлекеттік орган немесе лауазымды адам қабылдайды немесе одан дәлелді бас тартылады. Отставканы қабылдау немесе одан бас тартылу туралы шешім жазбаша арыз берілген күннен бастап бір ай мерзімде қабылданады. Саяси қызметші отставкадан бас тартылған жағдайда қызметтік өкілеттігін атқаруды жалғастыруға тиіс және оның Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен қызметтен босауға құқығы бар.

3. Мемлекеттік саяси қызметшілер Конституцияда, осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында белгіленген негіздерде және тәртіппен отставкаға өтініш береді және отставкаға кетеді.

4. Лауазымдық өкілеттігін өрескел бұзу, мемлекеттік қызметте болуға лайықсыз қылықтар жасау мемлекеттік саяси қызметшінің отставкаға шығуы үшін негіз бола алмайды, қайта жұмыстан босату үшін негіз болады. Мемлекеттік саяси қызметшілерді қызметтен босатудың негіздері мен тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

4-1. Мемлекеттік саяси қызметшілердің мемлекеттік қызметті тоқтатуы үшін:

сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін бұрын жұмыстан босатылған адамды, сондай-ақ ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамында қылмыс жасаған адамды мемлекеттік қызметке қабылдауы;

ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамындағы қылмыс туралы оған қатысты қылмыстық істі қылмыстық қудалау органы немесе сот тоқтатқан не Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шектегі мерзімі өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан қылмыстық қудалау органы бас тартқан адамды мемлекеттік қызметке қабылдауы негіз болып табылады.

5. Алып тасталды - ҚР 14.12.2012 N 59-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 26-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.03.11 N 393, 2007.07.21 N 308, 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.12.2012 N 59-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

27-бап. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің мемлекеттік қызметті тоқтатуының негіздері

1. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің мемлекеттік қызметті тоқтатуы үшін:

1) олардың өз тілегі бойынша жұмыстан босату туралы арыз беруі;

1-1) тараптардың өзара келісуі бойынша еңбек шартын жасасу жолымен олардың мемлекеттік қызметте болу мерзімін жыл сайын ұзарту құқығымен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген зейнеткерлік жасқа толуы;

2) еңбек шарты мерзімінің бітуі не Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша келісім-шарттың бұзылуы;

3) мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің өз табысы мен мүлкі туралы көрінеу жалған мәлімет беруі;

4) осы Заңда белгіленген міндеттер мен шектеулерді сақтамауы;

5) меншік құқығымен тиесілі мүлікті сенім білдірілген басқаруға бермеуі;

6) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуы;

7) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауы;

7-1) соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі;

7-2) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін бұрын жұмыстан босатылған адамды, сондай-ақ ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамында қылмыс жасаған адамды мемлекеттік әкімшілік қызметке қабылдауы;

ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамындағы қылмыс туралы оған қатысты қылмыстық істі қылмыстық қудалау органы немесе сот тоқтатқан не Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің

тиісті бабында көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шектегі мерзімі өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан қылмыстық қудалау органы бас тартқан адамды мемлекеттік әкімшілік қызметке қабылдау;

7-3) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтатуы, сондай-ақ ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамындағы қылмыс туралы қылмыстық істі қылмыстық қудалау органының немесе соттың тоқтатуы не Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шектегі мерзімі өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан қылмыстық қудалау органының бас тартуы;

7-4) мемлекеттік қызметке кіру кезінде мемлекеттік қызметке қабылдаудан бас тарту үшін негіз болуы мүмкін көрінеу жалған құжаттар мен мәліметтерді беруі;

7-5) мемлекеттік лауазымға тағайындалу кезінде осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

8) осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік әкімшілік лауазымды конкурстан тыс атқаруы;

9) аттестаттаудың теріс нәтижелері;

9-1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталу нысанасына арнайы тексерудің теріс нәтижелері;

10) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздемелер негіз болып табылады.

1-1. Осы баптың 1-тармағының 3), 4), 5), 7), 7-1), 7-2), 7-3), 7-4) тармақшаларына сәйкес жұмыстан босатылған адамдар теріс себептермен босатылған болып танылады.

2. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді босатуды мемлекеттік органның мемлекеттік әкімшілік лауазымға қабылдауға құқығы бар тиісті лауазымды адамы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

3. Қызметтен заңсыз босатылған жағдайда мемлекеттік әкімшілік қызметшінің уәкілетті органға шағымдануға, сондай-ақ өзінің құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар.

4. Мемлекеттік саяси қызметшілердің, сондай-ақ мемлекеттік органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілер болып табылатын басшыларының ауысуы жаңадан тағайындалған мемлекеттік саяси және (немесе) әкімшілік қызметшілердің бастамасы бойынша мемлекеттік әкімшілік қызметшінің атқарып отырған лауазымдағы мемлекеттік қызметін тоқтатуы үшін негіз бола алмайды.

Ескерту. 27-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.03.11 N 393, 2005.07.08 N 75 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.05.15 N 253, 2007.07.21 N 308, 2009.12.07 N 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз), 2010.12.29 N 371-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.12.2012 N 59-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-тарау. Мемлекеттік қызмет туралы заңдарды бұзу үшін жауаптылық

28-бап. Мемлекеттік қызметшілердің жауаптылығы

1. Мемлекеттік қызметшінің өзіне жүктелген міндеттерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны, теріс себептермен жұмыстан босатуға әкеп соғатын тәртіптік теріс қылық жасаған адамдарды өз еркімен жұмыстан босатқаны, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға адамдарды заңсыз тағайындағаны және (немесе) мемлекеттік әкімшілік лауазымдардан адамдарды заңсыз босатқаны, мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге тәртіптік жазаларды заңсыз қолданғаны, мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға арналған конкурсты өткізу тәртібін бұзғаны, тест тапсырмаларының және өзге

де конкурстық сұрақтардың мазмұнын жария еткені, мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөнінде шаралар қолданбағаны, лауазымдық өкілеттігін асыра пайдаланғаны, мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзғаны үшін, сол сияқты осы Заңда белгіленген, мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді сақтамағаны үшін мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жазалар:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) қызметке сәйкес еместігі туралы ескерту;
- 4-1) қызметін төмендету;
- 5) атқаратын қызметінен босату қолданылуы мүмкін.

1-1. Мемлекеттік қызметшіге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жазаның мынадай түрлері:

- 1) қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту;
- 2) лауазымын төмендету;
- 3) атқаратын қызметінен босату қолданылады.

Қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жаза лауазымын төмендету түрінде тәртіптік жаза қолдану мүмкін болмаған кезде қолданылады.

Лауазымын төмендету түріндегі тәртіптік жаза төмен тұрған бос мемлекеттік лауазым болған және мемлекеттік қызметші осы лауазымға белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде қолданылады.

Атқаратын қызметінен босату түріндегі тәртіптік жаза сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамада көзделген негіздер бойынша қолданылады.

2. Тәртіптік жазаны:

- 1) лауазымдық өкілеттігіне сәйкес осындай құқығы бар адамдар қолданады;
- 2) нақ сол теріс қылық үшін қайтадан қолдануға болмайды;
- 3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленетін тәртіппен қолданады.

2-1. Облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада, аудандарда, қалаларда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдар үшін бірыңғай тәртіптік комиссия құруға жол беріледі. Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандық, қалалық атқарушы органдардың бірыңғай тәртіптік комиссиясы осы атқарушы органдардың басшыларын тағайындауға құқығы бар адамның шешімімен құрылады.

Орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының аудандық, қалалық аумақтық бөлімшелері үшін орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының өңіраралық немесе облыстық аумақтық бөлімшесінде бірыңғай тәртіптік комиссия құруға жол беріледі. Аудандық, қалалық аумақтық бөлімшелердің бірыңғай тәртіптік комиссиясы орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының өңіраралық немесе облыстық аумақтық бөлімшесі басшысының шешімімен немесе жоғары тұрған органның шешімімен құрылады.

3. Тәртіптік лайықсыз әрекетке жол берген мемлекеттік әкімшілік қызметшіні оны тағайындаған басшы белгіленген тәртіппен жауаптылығы туралы мәселе шешілгенге дейін лауазымдық міндеттерін атқарудан уақытша шеттетуі мүмкін.

4. Мемлекеттік қызметші өз іс-әрекетінің заңсыздығы үшін жауап береді. Атқару үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданған жағдайда бұл жөнінде ол өзінің тікелей басшысына және өкімді берген басшыға жазбаша нысанда дереу хабарлауға тиіс. Лауазымы бойынша жоғары тұрған басшы аталған өкімді жазбаша растаған жағдайда мемлекеттік қызметші, егер оны орындау қылмыстық жазалануға тиіс әрекеттерге әкеп соқпайтын болса, оны орындауға міндетті. Мемлекеттік қызметшінің заңсыз өкімді орындауының салдары үшін осы өкімді растаған басшы жауап береді.

5. Мемлекеттік қызметшілер қылмыс және өзге де құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша тиісінше қылмыстық, әкімшілік, материалдық жауапты болады.

Ескерту. 28-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.03.11 N 393, 2003.09.25 N 484, 2010.12.29 N 371-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі); 14.12.2012 N 59-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

28-1-бап. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану мерзімдері

1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және жазаны теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

2. Қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан не қылмыстық істі қысқартқан жағдайда, бірақ адамның әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық тәртіптік теріс қылық белгілері болған кезде, тәртіптік жаза қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не оны қысқарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей, бірақ теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей қолданылуы мүмкін.

3. Мемлекеттік қызметшінің еңбекке уақытша қабілетсіздігіне, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау үшін жұмыстан босатылуына, демалыста, іссапарда болуына байланысты жұмыста болмаған уақытында бір жылдық және үш айлық тәртіптік жаза қолдану мерзімі еңбек заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрады.

Ескерту. Заң 28-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.09.25 N 484 Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.29 N 371-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

28-2-бап. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жазалар қолдану мерзімдері

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және жазаны теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

Ескерту. Заң 28-2-баппен толықтырылды - ҚР 2012.02.16 N 557-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

29-бап. Мемлекеттік қызметшілер құқықтарының оларды тәртіптік жауапқа тарту кезіндегі кепілдігі

1. Мемлекеттік қызметші өзін тәртіптік жауаптылыққа тартуға байланысты барлық материалдармен міндетті түрде таныстырылуға тиіс, оған қызметтік тексеру рәсіміне жеке өзінің қатысу құқығы беріледі.

2. Жауапқа тартылушы мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның іс-әрекеті мен шешімдеріне уәкілетті орган белгілеген тәртіппен не сотқа шағым жасай алады.

Ескерту. 29-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.29 N 371-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-тарау. Қорытынды ережелер

30-бап. Осы Заңның күшіне енгізілу тәртібі

Осы Заң 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

"Әділет" АҚЖ ресми жарияланым дереккөзі болып табылмайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК